

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 шілдедегі N 930 қаулысының күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 31 қаңтардағы N 134

Сату үшін Үкімет бұрынырақ халықаралық тендер жариялаған жекешелендіру объектісін мұнай кен орындарын игеру жөніндегі конкурсқа қате енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әлібекмола және Кеңқияқ (тұзды) мұнай кен орындарын игеру туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 шілдедегі N 930 қаулысының күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі және Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі конкурс комиссиясының материалдарын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 5 қарашадағы N 505 өкімімен құрылған Жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссияға берсін.

3. Жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия осы жоба бойынша өткізілетін тендерлер мен конкурстарды ұйымдастыруды және өткізуді республикада қазіргі уақытта өткізіліп жатқан мұнай-газ кешендеріндегі жекешелендіру жөніндегі халықаралық тендерлер аяқталғанға дейін кейінге қалдырсын.

4. Үкімет Аппаратының Басшысы Т.Қ.Бегахметов Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері жобаларының толық және дұрыс рәсімделуіне бақылауды күшейтсін. Үкімет шешімдерін шығару кезінде жіберген қате үшін атқарушылардың жауап беретіндігі туралы ескертсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі